

Бастауыш, негізгі орта және  
жалпы орта білімнің жалпы  
білім беретін оқу  
бағдарламаларын іске асыратын  
білім беру ұйымдарына оқуға  
қабылдаудың үлгілік  
қағидаларына 2-қосымша

**"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында  
балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет  
көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

Ескерту. 2-қосымшамен толықтырылды - КР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жана редакцияда - КР Оқу-агарту министрінің 04.04.2023 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	1) "электрондық ұқіметтің" веб-порталы <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> (бұдан әрі – портал); 2) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі – 30 минут.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған)/ қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Көрсетілетін қызметті алушыдан қағаз жеткізгіште құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші келетін ұйымға ұсыну үшін тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұған күні, сыныбы, оқыту тілі және мектебі (телефон, пошталық мекен-жай, электрондық пошта мекен-жайы (ресми интернет-ресурс) көрсетілген келу туралы есептен шығару талонын береді

		<p>немесе дәлелді бас тартады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті қағаз жеткізгіште алған жағдайда білім алушы келетін көрсетілетін қызметті беруші басқа білім беру үйымына келу туралы тегі, аты, экесінің аты (бар болса), туган күні, окусыныбы, білім беру үйымының мекенжайы, телефоны, электрондық мекенжайы (ресми интернет-ресурс) көрсетілген есептен шығару талоның ұсынады.</p> <p>Окуға келгені туралы есептен шығару талонының түпнұсқасы (құжаттар басқа орта білім беру үйымына келгені туралы есептен шығару талонының түпнұсқасын ұсынғаннан кейін беріледі) білім алушы кететін орта білім беру үйымынан құжаттарды (білім алушының жеке ісі) алу үшін ұсынылады.</p> <p>Келу туралы сырттай қуәліктің түпнұсқасы (құжаттар басқа орта білім беру үйымына келу туралы сырттай қуәліктің түпнұсқасын ұсынғаннан кейін беріледі) білім алушы құжаттарды (білім алушының жеке ісі) алуға кететін орта білім беру үйымына беріледі.</p> <p>Білім беру үйимдары білім алушыны орта білім беру үйымына/үйымынан қабылдау/ шығару туралы бұйрықтар шығарады және салыстыру жүргізеді.</p>
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілген қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс уақыты	1) көрсетілетін қызметті беруші -

	<p>Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілген қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру Кодекске сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;</li> <li>2) <a href="http://www.gov.kz">www.gov.kz</a> порталында орналастырылған</li> </ol>
8	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- портал арқылы:</li> <li>1) ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің 2-қосымшасының нысанына сәйкес өтініші (келу мектебі мен кету мектебіне);</li> <li>- көрсетілетін қызметті берушіге (қағаз түрінде)</li> <li>1) ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің 2-қосымшасының нысанына сәйкес өтініші (келу мектебі мен кету мектебіне);</li> <li>2) құжаттарды қабылдау туралы есептен шығару талонында баланың толық аты-жөні, сыныбы, оқыту тілі, мектебі, білім беру үйіміның телефондары мен электронды мекен-жайы (ресми интернет-</li> </ul>

		ресурсы) (Қазақстан Республикасынан кетуін растайтын құжат ұсынатын, Қазақстан Республикасынан кетіп жатқан білім алушыларды қоспағанда) көрсетіледі.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) сынып-жинақталымының шамадан тыс толуы</p> <p>2) Өтініш беру мерзімі осы ережелерде белгіленген мерзімге сәйкес келмейді</p>
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>1) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 15 (он бес) минут.</p> <p>2) қызмет көрсетудің ең ұзақ мерзімі 30 минуттан аспайды. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p>

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы  
орталық беру бағдарламалары  
бойынша ведомстволық  
бағыныстылығына қарамастан  
білім беру үйімінде күжаттарды  
қабылдау" мемлекеттік қызмет  
көрсетуге қойылатын негізгі  
талаптардың тізбесіне  
2-қосымша

Нысан

білім беру үйімінде атауы

директордың ТАӘ  
(болған жағдайда) кімнен

ата-ананың (занда өкілдің)  
ТАӘ (болған жағдайда)

Телефоны: \_\_\_\_\_

### Отініш

Менің \_\_\_\_\_  
(білім беру үйімінде толық атауы)  
сыныпта білім алған балам

(Т. А. Ә. (болған жағдайда))

(елді мекенниң, ауданның, қаланың және облыстың атауы)

тіркелген мекенжайы бойынша

(білім беру үйімінде толық атауы) ауыстыруды сұраймын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын  
мәліметтерді пайдалануға келісемін.

(қолы)

"\_\_\_" \_\_\_\_ 20\_\_ жыл